

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша

4 курс студенті

Садуахасова Гүлімнің

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Шешендік сөздердің жаңа үлгілері

Ғылыми жетекші:

доц. Ш. Кудьярова

Кафедра меңгерушісі:

доц. Ш. Кудьярова

Нөкіс - 2012

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2012-жыл
« » майдағы № протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультеті деканы:	доц. Г.Курбаниязов
Кафедра меңгерушісі:	доц. Ш.Кудьярова
Ғылыми жетекші:	доц. Ш.Кудьярова

Садуахасова Гүлімнің «Шешендік сөздердің жаңа үлгілері»
тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация
комиссиясы қарарымен «_____» балл (« _____» %) қойылды.

«_____» _____ 2012-жыл

МАК хаткері:	Г.Шарибаева
--------------	-------------

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

Шешендік сөз тарихы және оның зерттелуі

II ТАРАУ

Шешендік сөздің қазіргі түрлері

III ТАРАУ

Шешендік сөздердің стилі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі. Шешендік сөздер дегеніміз – белгілі бір халықтың тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданған жүйелі, үлгілі сөздері. Онда халықтың бастан кешірген уақиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді.

Шешендік сөздер ертегі – аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтың бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына жәрдемі тиген. Шешендік сөздер ауыз әдебиетіміздің басқа салаларымен қосыла қазіргі қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйытқысы есепті. Міне, осы шешендік сөз үлгілерінен халқымыздың сол ғасырлардағы ауыз әдебиетінің бай мұрасынан түсінік аламыз.

Жұмыстың мақсаты: Шешендік сөздердің жаңа үлгілерін айқындау үшін төмендегі мәселелер сөз етілді:

- Шешендік сөз туралы жалпы түсінік беру
- Шешендік сөздердің зерттелуі
- Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің, қазақ әдеби тілі тарихының бастау арналары
- Шешендік сөздерді зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау
- Шешендік сөздердің о бастағы үлгілеріне түсінік
- Шешендік сөздердің қазіргі замандағы үлгілері жайлы
- Шешендік сөздердің стильдік қолданысы
- Шешендік сөздердің қазақ тілі тарихынан алатын орны.

Зерттеу объекті: Жұмыста Б.Г.Белинский, В.В.Радлов, Ш.Уалиханов, А.Байтұрсынов, Қ. Жұмашев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Б.Әлменов, Б. Адамбаев, С.Бизақов, Н.Төреқұлов, С.Негимов, С.Созақбаев, С. Қирабаев т.б. осы еңбек жайлы айтылған зерттеу жұмыстарынан пайдаланылды.

Зерттеу әдісі: Бұл тақырыпта негізінен түсіндіру, салыстырмалы, тіл фактілеріне бақылау жүргізу т.б. лингвистикада қолданылып жүрген әдістерден пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Зерттеу жаңалығы тақырыптың көкейтестілігіне байланысты. Бұл жұмыс қазіргі тіліміздегі шешендік сөздердің жаңа үлгілерінің ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздерден өзгешеліктері мен ұқсастықтары, ата-бабаларымызға ортақ мұралардың зерттелу жайы, әдеби тіліміздің өркендеуін айқындаудағы үлесі туралы мәліметтер беретін арнаулы жұмыс болып есептеледі.

Зерттеудің практикалық маңызы: Бұл жұмыстан қазақ тілінің тарихы, қазақ әдебиеті тарихы, тарихи және қазіргі лексикология, түркі тілдердің салыстырмалы грамматикасы, оқытушының сөйлеу мәдениеті жайлы еңбектер жазуда пайдалануға болады.

Сондай-ақ жоқары оқу орындарында жоқарыдағы пәндерді өтуде пайдаланса көп жәрдемін тигізеді.

Жұмыстың құрылысы: Жұмысымыз кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 50 бет.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, шешендік сөздер, тіліміздегі орны, маңызы жайлы кең сөз етілді.

Бірінші тарауда шешендік сөз тарихы және оның зерттелуі жайлы айтылып, шешендік сөздің о бастағы шығу арналары мен қазақ шешендік сөздерін зерттеуде көп еңбек еткен ғалымдарымыздың зерттеулері сөз етілді.

Б. Адамбаев, С.Бизақов, Н.Төрекулов, С.Негимов, С.Созақбаев, С. Қирабаев т.б. зерттеушілердің қазақ шешендік сөздерінің қалыптасу тарихы мен даму жолдарына қатысты өз ой-тұжырымдарына талдау жасалды.

Екінші тарауда шешендік сөздің қазіргі үлгілеріне тоқталдық. Қазіргі шешендік сөз үлгілерін ғылыми әдебиеттерде берілген негіздерге сүйене отырып, төртке бөлдік.

1. Әлеуметтік – тұрмыстық шешендік.
2. Әлеуметтік – саяси шешендік.
3. Академиялық шешендік.
4. Соттағы шешендік.

Міне, қазіргі дәуірдегі осы шешендік сөздің үлгілерін ауыз әдебиетіндегі шешендік сөз үлгілерімен салыстыра отырып, олардағы өзгешеліктер мен ұқсастықтары сөз етілді.

Үшінші тарауда шешендік сөздердің стилі сөз етілді. Халық ауыз әдебиетінде де шешендік өнердегі стиль мәселесіне назар аударылып, шешендік сөздердің құрылысына, көркемдік-танымдық мәніне арналған монографиялар, жеке шешендік шығармаларына арналған кітаптар бар, шешендік өнердің стилі жайлы да пікір айтылып жүр. Алайда шешендік өнердің стиліне арнайы ғылыми еңбектер жарық көре қойған жоқ. Стиль шешеннің шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат.

Стиль – шешендік өнердің көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген шешен ғана елге билік жүргізген. Ал көркемдік сапасы төмен, идеясы екіұшты, мазмұны мардымсыз айтылған шешендік сөздер өзі өмір сүрген ғасырда қалып қойған. Сонымен шешендік стиль сөз зергерлерінің үлкен шеберлікпен жасаған отты да, ойлы сөздерінен көрінуі тиіс екендігі жайлы мәселелер сөз етілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдірдік.

Ғылыми жетекші:

доц. Ш.Кудьярова

Студент:

Г. Садуақасова

KIPICPE

«Қысқаша айтқанда, алыс хәм жақын тарийхымыз соны көрсетеди, халқымыз мұдамы мәнаўий мәртлик сезими менен жасаған хәм уллы туйғы, оның өмиринде жыллар, әсирлер өткен сайын және де күшейип, жоқарылап бармақта. Өйткени, халық мәнаўияты сондай бир уллы океан, хәр қандай әўлад оннан күш-құдирет, ғайрат хәм илхам алып, өзиниң қаншелли үлкен ислерге уқыплы екенлигин көрсетеди»¹—деген ел басшымыз И.А.Каримовтың сөздері түркі тектес халықтардың ата-бабаларының, мәдени мұраларының бір-біріне жақын болғандықтарын көрсетеді. Осы ата-бабаларымыздың ауыз әдебиетіне тән болған, түркілерге ортақ саналатын шешендік сөздерді, мәдени мұраларымызды зерттеу, соңғы ұрпақтарға жеткере білу біздердің басты парызымыз.

Шешендік дегеніміз – белгілі бір уақиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар.

Шешендік – тапқырлық сөздер бізге іріктеліп, сұрыпталып жеткен, тек жатталып, жазусыз сақталғандықтан сөздердің көбі ұмтылған, қайсы бірі жаңа дәуірге сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тауып жаңарып, жаңғырып отырған.

Шешендік сөздер дегеніміз – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда халықтың бастан кешірген уақиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде еңбекші адамның өздерін қанаушыларға, езушілерге қарсы жұмсайтын қаруы, құралы болған.

Шешен сөзінде жүйе болмаса, онда ешқандай береке жоқ. Жүйелі сөз белгілі мазмұнға, өзара тығыз байланысты желіге құрылады. Бір ойды айтып,

¹ И.А.Каримов. Жоқары мәнаўият жеңлимес күш. Тошкент. 2008. 170 б

екінші ойға көшерде берік байланыс болмай, әр нәрсенің басын бір шалып айтқан сөзде де табан тірер тиянақ болмайды, ондайды тыңдау да қиын.²

Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз көп сөздермен езгілеп, өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығырын шығаратын адамды қазақ «көкмылжың» дейді. М.Балақаев: «Мылжың, көкмылжындардың сөзін өзгелер еш уақытта зейін қойып тыңдамайды. Ондай жаман атаққа ілінбеу үшін, шешендік кәсібіңе кір келтірмеу үшін, артық сөздерді айтып лағып кетпе. Құраған сөйлемің ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің жұртқа таныс әрі мазмұнды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс», -деп жазады. Халық: «Көп сөз - көмір, аз сөз – алтын», - деп айтады.

Шешендік сөздер ертегі – аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтың бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына жәрдемі тиген. Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы қазіргі әдеби тілімізден аса алмақ емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетіміздің басқа салаларымен қосыла қазіргі қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйытқысы есепті. Демек, шешендік сөздерді зерттеп – талдау, жинап – жариялау ана тіліміздің сөздік қорын байытады, әдеби тілімізді дамытып, кеңейтеді, сөйлеу, жазу мәдениетімізді көтеруге пайдасы тиеді.

Қазақ шешендік сөздері бата – тілектен бастап өнегелі өсиет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, ер құны секілді дау – талас, келіс сөздерді қамтиды. Шешендік сөздерді атадан бала қайталап басынан кешірген, алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келесі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйірлі дәні деуге болады.

Жүйрік ат, қыран құсты шаппай-ұшпай танитын саяткер, құсбегілер жайында, өзін көрмей, ізін көріп түйенің түрі-түсін айтатын, дауылға қарап қоралы қойдан енесіне тауып салатын, жоғалған биенің іште кеткен құлынын ат болғанда танып алатын саяткер, сыншылар туралы сақталған аңыздар бар.

² М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. А., «Қазақстан баспасы», 1991, 63 – 68 бет

Мақалдап, мысалдап сөйлеу – тапқырлық сөздердің қай – қайсында болса да бар қасиет. Дегенмен, кейбір шешендік сөздерде мақалдау басым болса, қайсы бірінде мысалдау басым. Шешендік мысалға тән қасиеттің бірі біреудің басынан өткен уақиғаны хабарлаған болып, әркімнің басына келетін ортақ жәйтті ескерту немесе жан – жануар тіршілігін, жаратылысын мысалға алып, тыңдаушысына ғибрат беру.

Ата – ананың қадірін

Балалы болып байқадым

Ағайынның қадірін

Жалалы болып байқадым.

Алыс – жақын қадірін

Қаралы болып байқадым, – деген мысалда бір кісінің басынан кеткен уақиғаны емес, сан кісінің тәжірибесімен сыналған өмір шындығын айтып отыр.

Шешендік мысалдардың бір қыдыруы жануар-жәндік тіршілігін суреттеп, соларды «сөйлету» арқылы ғибрат береді.

Толғау сөздердің бір түрі – шешендік жұмбақ. Құс салып, құмай түсіртіп кәсіп еткен, алты жастан ат мініп, асау үйретіп дағдыланған халықтың тіршілігіне сай қиялы ұшқыр, тілі оралымды болған. Жұмбақты, астарлы сөз жедел ойлау, шебер сөйлеу қабілетімен қатар сыншылдық, бақылағыштық қасиеттерді қажет етеді.

Қазақтың байырғы шешендік өнерінің бір бай саласы – шешендік дау, шешендік арнау – адамдар арасындағы қарым – қатынасты, шешендік толғау – халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді десек, шешендік дау – қазақ дауының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңы сияқты.

Шешендік дауларды мазмұнына қарай: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, және ар дауы деп беске бөлдік.

Бірыңғай мемлекеттік заңы жоқ елде барлық дау – талап мәселесі ара ағайынның қазалығымен, жол – жоба білетін тәжірибесі қарттарға жүгінумен шешілген. Халықтың әдет – ғұрпына сүйенген әлінше әділ төрелік беретін ойға ұста, тілге шешен адамдарды ел «би» деп атаған. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық, билік – төрелік айту салты қалыптасқан.

Мұны кейін хан – сұлтандар пайдаланып төңірегінде кеңесші билер ұстап, қарапайым қазылықты өзінің ел билеу және қаражат түсіру құралына айналдырған.

Мол шабындыққа таласып – жанжалдасып жатқан екі кісіге бір бала жігіт былай дейді:

Өзімнің атым Күдері
Ер Көшектің баласы
Талассаң бағың кетеді,
Таласпасаңдар, не етеді?
Бірлік қылсаң ағалар,
Анау тұрған шабындық
Баршаңызға жетеді.
Дүние шіркін жалған ғой,
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді.

Жер мен жердің байлығы үшін байлар арасында өткен дау-жанжалдардың бір елесі болып табылатын бұл мысалда бай – бар таптың ынсапсыздығы, байыған үстіне байи берсем дейтін ашкөздік құлқыны әшкереленеді. Халық бала атынан ондай дүниеқор байларға әлі-ақ ырылдасумен өтерсің, ішпей-жемей, ұрлап-жырлап жиғандарын артыңда қалар дегенді айтады.

Ауыз әдебиетінде сүйгенімен қашқан қыз, күйеуінен жесір қалған әйелге дәмегөй әмеңгерлер арасында болған қиянкесті айтыс-тартыстарды көрсететін нұсқалар көп. Соның бірі – жесір дауы.

Жесір дауы күшті ру басыларының – аз, әлсіз руларды талап-тонап, кейде қонысынан қуып, бейқам елді бүліншілікке ұшыратуына желеу болған. Жемқор бишікештер мен борышташын батыр-сымақтар ушықтырған кейбір даулардың ақыры кісі өліміне ұласатын.

Шешендік дау ұзын сүре айтыс немесе төрелік сөз болуы шарт емес. Әдетте билер айтыс-дауда ұзақ сөзбен ұтпайды, ұрымтал оймен ұтады. Шешендік дау дегеніміз – айтыс үстінде тауып айтылған сөз. Ол сөз кейде дау, кейде билік болып та келе береді.

Таптық қоғамда әйел мен мал үшін ғана емес, ар-намыс үшін де айтыс-тартыстар көп болған. Осыған орай әлсізді қорлау, әйелді зорлау, жалғызды кемсіту сияқты уақиғалар жиі кездесетін. Халық өкілі кезекті сөзге келгенде қаһарлы хан, қанішер жау алдында да тілін тартпаған. Ер шекіспей бекіспейтіндігін, теңдікке жағаласпай жалынумен қол жетпейтіндігін халық дұрыс түсінген.

Ар дауы жеке адамдар арасындағы намыс жыртумен шектелмейді. Жер, жесір, құн, барымта дауларының бәрінде де бір жағынан дүние-мүлік таласы болса, екінші жағынан атақ-абырой үшін тартыс жатады. Әсіресе, ел мен елдің арасында жүргілізетін елшілік, мәмле сөздерде елші ең алдымен елдің намысын қорғайды. Өйткені, жердің бүтіндігі, елдің дербестігі, әр халықтың өзін-өзі билеу правосы және табан ақы, маңдай терімен тапқанына өз иелігі жағынан басқалар сайып келгенде, әр халықтың ары мен намысы болып табылады.

Қарттар арқылы бізге жеткен бұл шешендік сөзде қазақ елінің тыныштықты, тату-тәтті көршілікті қалайтыны көрінеді. «Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін» деп бейнелеу арқылы «қазақ, қашақ баласы табысуын тілейтіндігін білдіреді. Бірақ, елдің өкілі – елші бейбітшілікті жалынып – жалбарынып сұрамайды, халықтың ар-намысын, абыройын жоғары ұстайды. Жат елде, жау алдында қара басы қатерде тұрса да «табысуға келмесең, тұрысатын жеріңді айт, алысқалы келгенін», бірақ ойлан, «сен қабылан болсаң, мен арыстанмын», - деп елінің күшін ескерте сөйлейді.

Сөйтіп, шешендік даулар екі кісі арасындағы мал-мүлік үшін болатын дау-шардан бастап екі ел арасындағы мемлекеттік бітім сөздерге дейін камтиды. Әдетте, дау сөзге түсушілер халық шешендері мен шешен билер болған. Бізге жеткен аңыз әңгімелерде Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу, Аяз би Менді сұлу секілді халық даналығын бойларына сіңірген, сөз өнеріне жетік ондаған әйел-еркектің есімдері аталады. Белгілі халық шешендері мен есімі белгісіз данышпан қарт, ақылды қыз, тапқыр бала, жарлы жігіт атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет – шешендік, өжеттігімен қатар, әділдігі ойының айқындығы.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, шешендік сөздер, орны, маңызы жайлы кең сөз етіледі.

I тарауда шешендік сөз тарихы және оның зерттелуі жайлы айтылып, шешендік сөздің о бастағы шығу арналары мен қазақ шешендік сөздерін зерттеуде көп еңбек еткен ғалымдарымыздың зерттеулері сөз етіледі. Қазақ шешендік өнерінің даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болатындығы айтылады. Қазақта Ш.Уәлиханов, Абай, А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Ә. Мәметова, Б. Адамбаев т.б. зерттеушілердің қазақ шешендік сөздерінің қалыптасу тарихы мен даму жолдарына қатысты өз ой-тұжырымдарына талдау жасалады.

II тарауда шешендік сөздің қазіргі үлгілеріне тоқталамыз. Шешендік сөздер айтылатын орнына, мазмұнына (тақырыбына) және айтылу мақсатына қарай, ғылыми әдебиеттерде төрт түрі көрсетілген. Олардың қолданылу ерекшеліктерін алынған үлгілер негізінде көрсетіледі.

III тарауда шешендік сөздердің стилі сөз етіледі. Стилль шешеннің шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан оны жан-жақты және терең зерттеу қажеттілігі сөз етілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалады. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдіреміз.

I ТАРАУ

ШЕШЕНДІК СӨЗ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Египет пен Ассирияда, Вавелион мен Үндістанда шешендік өнер ежелден-ақ жоғары бағаланғанмен, Эллада шешендіктің отаны деп саналады. Ежелгі Грекияда шешендіктану, яғни шешендік өнер туралы ғылым жүйесі дамып, оның теориясы тұңғыш рет қалыптасқан.

Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Элладада шешендіктің дамуына қажетті алғы шарттар пайда бола бастады. Халықтық жиындарда саясаткерлер өз сөзін өтімді етудің сан аулан тәсілдерін меңгеруге, халықтың назарын өзіне аударудың амалдарын жетік білуге мүдделі болды. Мұндай жиындарда саяси мәселелер талқыланып, сот ісі де жүргізілетін. Кімнің сөзі өткір, өтімді болса, көпшілік соны жақтайтын. Осылайша сөз құдіретімен адам тағдыры да шешіліп жататын.

Ежелгі Грекияның қоғамдық өмірінде саясаткерлер – халыққа, әскербасылар – сарбаздарына, жеке адамдар – сотта, басқа да түрлі мерекелік жиындарда, кездесулерде топ алдында сөйлеуі қажет болды. Дәл осы кезде көркем тілдің жүйесін, заңдылықтарын ақылы түрде үйрететін софистер пайда болды. Олар шешендік сөздің қай түрін де шебер меңгерген, логиканың заңдарын, айтысу өнерін, тыңдарманға әсер етудің тәсілдерін терең білетін адамдар болды. Олар сөздің қасиетін жоғары бағалады, сөзді тіршіліктің тұтқасы деп таныды.

Софистер жекелеген адамдарды шебер сөйлеуге үйретумен ғана шектелген жоқ, олар шешендіктану ғылымының негізін қалады, шешендіктің теориясын жасады. Софистердің пікірінше, шешеннің басты мақсаты – тыңдаушыны сендіру. Софистер үшін ең маңыздысы шындықты ашу емес, «әлсіз пікірді күшейту». Сондықтан да олар софизмді – ойластырылған жалған тұжырымды – негіз етіп ұстанды. Қарсыласқа тойтарыс берудің алуан

түрлі жолдарын ашқан да софистер болды. Олар сөзді көркемдеудің көптеген тәсілдерін ойлап тапты. Софистердің дәуірінде шешендіктану «барлық ғылымның патшасы» деп бағаланды.

Сөздің шындықпен арақатынасы жөнінде софистерге қарсы бағыт ұстанушылардың бірі – ежелгі грек философ Сократ болды. (б.з.д. 470-399 жыл). Сократ абсолюттік шындықты адам танымынан жоғары қойды. Ол софистердің «сөздің күшімен көпшілікті жаулап алу» туралы қағидаларына қарсы болды. Сонымен бірге Сократ софистердің сөзді үйретудегі ақылы қызметін де сынады, ол: «Ақыл-ойды сату – сұлулықты сатумен пара-пар», - деді.

Сократтың ілімін оның шәкірті Платон (б.з.д. 427-347 жыл) жалғастырды. Ол софистердің риторикасын ғылым ретінде жоққа шығарды. Ол шындыққа негізделген шынайы сөзді ғана пір тұтуды ұстанды.

Платонның шешендік сөз теориясына қосқан ең бағалы үлесі ретінде «Сөз адам жанына, ішкі дүниесіне әсер етуі тиіс» деген идеясын атауға болады. Ол шешеннің өз сөзінің түріне қарай тыңдарманға әсер ету мүмкіндіктерін ойластырудың қажеттілігін дәлелдеді. «Қайда, қалай сөйлеген ұтымды?» деген сауалға лайық сөз айтуға назар аудартты. Заттардың мәнін тану арқылы адам ол туралы шындықты біледі, ол адамның жан дүниесін тану арқылы өз пікірін тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізеді – деп тұжырымдаған да Платон еді.

Шешендік туралы Платонның ойларын жан-жақты дамытқан Аристотель болды. Ол біздің заманымызға дейінгі 384-322 жыл өмір сүрді. Аристотель өз ұстазының академиясында 20 жыл бойы тағылым алды. Ол атақты қолбасшы Александр Македонскийдің бала кезіндегі тәрбиешісі болды. Аристотель өмірінің соңғы кезеңдерінде Ликей деп аталған жеке меншік мектеп ашты, онда түске дейін философия, түстен кейін шешендіктану пәндерінен дәріс берді. Оның «Риторика» атты еңбегінде шешендік өнердің қағидалары егжей-

тегжейлі зерттелген. Үш кітаптан тұратын бұл еңбекте шешендіктанудың пәні, шешендік сөздің түрлері, сөйлеуші мен тыңдаушының арақатынасы, сөз өтімділігінің шарттары, сенім қалыптастырудың жолдары ғылыми тұжырымдалды. Аристотель мұнда стильге ерекше мән береді. Стиль арқылы адамға әсер етудің мүмкіндіктерін қарастырды.

Ежелгі Грекияның мәдениеті, оның ішінде шешендік өнер жөніндегі ғылыми еңбектер ежелгі Римде жақсы қабылданды. Біздің заманымызға дейінгі I ғасырда ерекше дамыған шешендік өнердің басында Цицерон біздің заманымызға дейінгі 106-43 жыл тұрды. Цицерон шешендік сөздегі жаңашылдықты, кісілікті, ой жұмырлығын ерекше бағалады.

Шешендік өнердің қыр-сырын мейлінше нақтылай түскен Марк Фабий Квинтилиан (б.з.д. 100-35 жыл) болды. Ол он екі кітаптан тұратын «шешендік тәлім» атты еңбегінде шешендіктің теориялық та, практикалық та мәселелерін таратып көрсетті. Шешендіктің өзіне тән ережелерін қатаң сақтауды басты талап етіп белгіледі. Шешендікке адам бойындағы табиғи дарын мен үздіксіз оқып-үйренудің бірдей әсер ететінін дәйектеді. Шешендік өнерді шебер сөйлеу қабілеті мен басқаны мойынсындыру күші жөніндегі ғылым деп бағалады. Сөздегі сұлулық пен тазалықты ерекше дәріптеді. Шешендік шеберліктің шыңы деп ол аяқ астынан, ешқандай дайындықсыз сөйлеуді көрсетті. Яғни, импровизацияны ұлы өнер деп санады.

«Шешендік қабілетті арнайы оқыту арқылы қалыптастыруға болады» деген қағиданы дәйектеп, оның тұңғыш бағдарламасын ұсынған да Квинтилиан.

XVII ғасырдың басында Ресейде шешендік өнердің теориясы қалыптасып, өркендей бастады. 1699 жылы М.И. Усачевтің «Риторика» оқулығы, ал 1717-1719 жылдары Епископ Макарияның «Риторика» оқулығы жарияланды.

Орыс тілінде риториканы арнайы зерттеген әйгілі оқымысты М.В. Ломоносов (1711-1765) еді. Оның «шешедікке қысқаша басшылық» деген еңбегінде шешендіктің рухани қабілетпен, ғылыммен, басқа ғылымдарды меңгерумен және айқын, күшті дауыспен мықты рух тәрізді табиғи ерекшеліктерімен біртұтас екендігін негіздеп көрсетті. «Шешен сөзі тыңдаушылардың сезіміне әсер етуі қажет. Сөйлегенде дауыс таза, мөлдір, кібіртіксіз айтылуы ләзім. Дауыстың жоғары-төмен құбылуы мысқылдап дамығаны абзал» деген тұжырымдар да ғалым ойының жемісі.

А.Ф. Кони «Дәріс оқушыға кеңес» деген туындысын жазды. Оның түсіндіруінше, дәріске әзірлену барысында қызықты, мәнді мәліметтерді жинақтау, толық жоспар жасау, хатқа түсіру, стилистика жағынан мінсіз құру, дауыстап оқу, көз қанықтыру, ой жүгірту, есте сақтау шешендік сөзді дайындаудың басты шарттары болып табылады. «Нәтижелі еңбек жемісінің 98 пайызы тер төгу, 2 пайызы ғана дарын арқылы келді. Шешеннің нақышты, ойлы, мәнерлі қимыл-қозғалыстары оның лебізін, ойын толықтыра түседі. Сөздің әсерлігін күшейтеді. Шешеннің аузынан шыққан әр лебіз сөз мазмұнынан, мағынасынан сәйкестік тауып отыруы тиіс», – деп көрсетеді ғалым.

Шешеннің аузынан жиі айтылатын, жауыр болған сөздер кездеспегені жөн. Лириканы аз-кем пайдаланғаны дұрыс. Тыңдаушылардың назарын аудару үшін: 1. Ширақ сөз, 2. Көңілді сергітетін қысқа қайырым – шегіністер болса, нұр үстіне нұр. Дәріс оқушының түйдекті ойлары бір-бірінен туындап, өрбіп, дамып отыруы – жарасымды құбылыс. Баяндаманың түйіндемесі – барлық айтқан ойдың қорытындысы. Бұдан кейін бірдеңе айту мүмкін еместей болу керек», – дейді А.Ф. Кони.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский «Риториканың мазмұны мен міндеттері» деген мақаласында шешеннің тұлғасына тоқталады: «Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан

шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, ол сөзінің оттылығымен, жарқынымен, күшімен, көріктілігімен тыңдаушыны баурап алады», – дейді. Нағыз шешендерді тәрбиелеу үшін нақты практиканың қажеттігі мен артықмашылығын дәйектеген ғалым В.Г. Белинский болатын.

Орыстың ұлы жазушысы Н.В. Гоголь: «Профессордың стилі тартымды, отты болуға тиісті. Ол тыңдаушылардың интасын біржала өзіне қаратуы тиісті. Профессордың әңгімесі оқтын-оқтын шымырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберсе, сондай-ақ әркімге де түсінікті болса ғой. Шынында, асқақтық қайда болса, қарапайымдылық та сонда», – деп жазған. Ол шешендік музыка мен импровизацияға жақын деген пікір айтады. «Шешен болу үшін тілді, ұлттық әдебиеттің қазынасын егжей-тегжейлі білу – басты парыз», – деп түйіндейді ол өз сөзін.

Қазақтың ұлттық шешендіктану ғылымының тамыры Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектерінен басталады. Ол «Риторика» атты трактатында шешендік өнер туралы ғылыми-теориялық топшылауларын алдымен тәжірибелік іс-мақсаттан, сөз қолдану аясының ерекшелігінен туындатады.

Әл-Фараби өзінің философиялық трактатында: «Сөзге тапқырлық – жақсы адамгершілік қасиет», – деп жазады. Тағы бір тұста қайырымды қаланың әкімінде тамаша 12 қасиет болу керек. Соның бірі – «Өткір сөз иесі болуы және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар болу шарт» деп түйеді. Пікірдің екі түрі әдіспен қорытылатынын; «не анық дәлелдеме арқылы, не иландыру арқылы» болатынын тұжырымдайды.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің одан өзге де шешендік өнер хақындағы тұрлаулы тұжырымдары, қисынды қағидалары әлі күнге мәнін жойған жоқ.

XI ғасырдың әйгілі шығармасы «Қабуснамада» шешендік өнер жайлы ірі-ірі түйіндеулер берілген. Мұндай күш өнердің ішінде сөз өнерінің артықшылығы дәлелденеді. «Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз

сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың» деген өнегелі өсиет жазылған осы еңбекте. Ұлттық шешендіктанудың бастау – арналарын Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік», М. Қашқаридың «Диуани луғат ат - турк», А.Югнекидің «Хибатул хақайик», А. Яссауидің «Диуани хикмет», тағы басқа еңбектерден де табасыз. Шығыс ғұламалары «шешендікті» ат қойып, айдар тағып арнайы ғылым деп қарастырмағанмен, сөз, сөз құдіреті, сөз мәні, тағы басқа туралы тереңнен толғап, тың тұжырымдар жасаған.

Қазақ шешендік сөздері қағазға түспей ауызша айтылып, халық жадында сақталып келді. Бізге жеткен деректерге сүйене отырып, қазақ шешендерінің атасы – Жиренше деп айтуға болады. Аңыздарда Жиренше Өз Жәнібек хан мен Асан-қайғының (XIV-XV ғасыр) тұстасы ретінде айтылады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін сөз бар. Абай сол Майқыны «Шыңғыс ханның он екі биінің бірі» деп айтады.

Майқыби, Аяз би (XI-XIII ғасыр) Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғасыр) есімдерімен бізге жеткен өсиет, нақыл сөздерде жоқшылықтың, шапқыншылықтың азабын кешкен халықтың бейбіт өмірді, жайлы қоныс пен молшылықты көксеген қиялы, арманы, тілек-талабы бейнеленген.

Шоқанның пайымдауынша, шешендік сөздер Өз Жәнібек хандығының кезеңінде туып дамыған да, үш жүздің басын қосқан Өз Тәукенің тұсында хан ордасы Түркістан қаласында жанданған. Талай ғасырлардан бері ауыздан-ауызға көшіп, халық жадында жасап келе жатқан қарым-қатынас ережелерін жинақтап, қалыптастырған белгілі «жеті жарғы» әдет-ғұрып заңы да Түркістанда жасалған. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін даңқты даланың сөз зергерлері – Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді шешендердің атақ-даңқтары да сол кезде шыққан.

Шешендік өнердің дамуына үлес қосқан Бұқар, Мұрат, Дулат, Шөже, Шернияз, Шал, Қазтуған сынды ақын-жыраулардың шығармаларында да кестелі сөз оралымды ой мол кездеседі.

Сонымен қатар шешендік өнердің даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XI-XIII ғасырлар аралығы (Майқы би, Аяз би).
2. XIV-XVI ғасырлар аралығы (Асанқайғы, Жиренше шешен).
3. XVIII ғасыр (Төле, Қазыбек, Әйтеке билер).

Қазақтың айтулы сөз зергерлері көркем сөзге, шешендікке қойылатын талаптарды өз ой-тұжырымдары арқылы түйіндеп бекіткен. Ол қағидаларды әрбір шешен ұстанған.

Қазақтың төл шешендік өнері туралы, қазақ даласындағы билердің қоғамдық-әлеуметтік ролі туралы тұңғыш ой-пікірін білдірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Ол «би» атағының формальды түрде тапсырылмайтынын, ойынан шыққан әділ де шешен адамдарға халықтың өзі беретін ең құдіретті атақ екенін айтады. Ш.Уәлиханов халық арасында би беделінің кез келген билеуші әкімдерден биік екендігіне тоқталады.

Ол би атағын алу үшін екі шарттың орындалуы қажет деп көрсетеді.

Біріншіден, бидің халықтың дәстүр-салттарды терең білуі.

Екіншіден, ерекше шешен сөйлей білу қабілеті.

Абай да өзіне дейінгі шешендердің шығармашылық болмыс – бітіміне терең ден қойған. Ол: «Билік біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді». Бұдан бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», «Әз Тәукенің жеті жарғысын білмек керек», – дейді. Сонымен қатар ел ішінде билік жасайтын адамның ескі заңды заманына қарай өзгертіп, жетілдіріп отыруы қажеттігін де бір шарт ретінде ұсынады. Өзі де ел арасында талай дау-дамайға әділ төрелік еткен Абай билердің сайлану үрдісі, бидің болмысы жөнінде тұжырымды ой білдірді. Ал жиырма

жетінші қарасөзінің мазмұнын ежелгі грек шешендері Сократ пен Аристотель арасындағы диалогке құруы, оның шешендік өнер тарихынан хабардар болғанын танытады. Шешендік, жалпы сөздің ішкі мәні мен сыртқы сұлулығы жөнінде Абай жазған өлеңдер, Абай түйген тұжырымдар (отыз жетінші қарасөз) қазақ шешендігіне қойылар талаптармен толық үндеседі.

«Шешен сөз» ұғымын термин ретінде алғаш қолданушы шешендікті тұңғыш рет ғылым түрінде зерттеп, зерделеуші ғалым Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде қарасөздің пайымдама түрін екшеп, оның бір саласы ретінде шешендік сөзге жан-жақты талдау жасады. Ол шешен сөздің табиғаты, түрлері жөнінде терең ойлар тұжырымдаған.

А. Байтұрсынұлы шешендік сөздің құрылымын беске бөледі: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы. Шешендік сөзді мазмұнына қарай саясат шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білгір шешен сөзі, уағыз деп іштей бөліп, әрқайсысына сипаттама берген де Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Би һәм билік туралы», Ә. Бөкейхановтың «Би һәм билік», «Тағы да би һәм беглік туралы» атты мақаласында да қазақтың шешендік өнерінің сыр-сипаттары тереңдікпен талданады.

М. Әуезов еңбектерінде де шешендер, билер жөнінде маңызды түйіндеулер жасалды. Ол «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Билер айтысы» атты тарау арнап, онда шешен сөздің ерекшеліктері туралы ғылыми тұжырым жасады.

Ал отызыншы жылдары шешен сөздерді тиянақты жинақтап, көшелі ой айтқан Сәкен Сейфуллин болды. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінің «Билер шешендігі» атты тарауында шешендікті әдебиеттің ерекше жеке жанры ретінде қарастырады.

Ауыз әдебиетін құнттап жинап, зерттеген Сәкен шешендік сөз нұсқаларының бір кісіге жатпайтындығын, бір сөзді әлденеше кісі иемденіп

айтатындығын дұрыс аңғарған. «Пәлен бидің сөзі екен деген сөздің көбін осы бидің өз жанынан шығарған сөзі деп бекіте айту қиын. Өйткені бір бидің сөзін екінші би жатқа алып өзінікі қылып айта берген. Осы күні бір рудан «пәлен би айтқан екен» деген сөздерді тексеріп келсең, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады»³ - дейді Сәкен.

Таптық әдебиет кезінде шын мәнінде, ұлттық сипаты айқын шешендік өнердің өз дәрежесінде зерттелуіне мүмкіндік бермеді. Дегенмен Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаевтардың еңбектерінде шешендік сөз әр деңгейде зерттелді. Тек XX ғасырдың екінші жартысында шешендік сөзді ғылыми тұрғыдан арнайы қарастырып, оған ерекше ден қойған ғалымдар шықты. Олар: Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, С.Садырбаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, С. Негимовтер еді.

Қазақ шешендіктануына бүкіл ғұмырын арнаған бірегей ғалым Б.Адамбаев болды. Ол «Шешендік өнер» атты монографиясында да әр жылдары жариялап отырған өзге еңбектерінде де шешендік өнердің теориялық мәселелерін жүйелі зерттеді. Ғалым шешендік сөздерді іштей топтап, тіктеп, саралап көрсетті.

Көрнекті тілші ғалым М. Балақаев шешендікті тіл мәдениетімен бірлікте қарастырып мектеп бағдарламаларына енгізу қажеттігін негіздеді. Ол сөйлеу мәдениетінің шыңы деп бағалаған шешендіктің сипаттамасын, шешен сөйлеудің шарттарын «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» атты еңбегінде нақты талдады.

Шешендік сөздің теориялық, практикалық мәселелері белгілі ғалым С. Негимовтің «Шешендік өнер» атты еңбегінде кең қамтылды. Ол шешендік сөздің табиғатын тарихи тұрғыдан да, бүгінгі күн мәселелерімен де өзектестіре ашуды көздеді.

³ С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. I-кітап. Алматы. 1932. 144-бет

Сондай-ақ шешендіктің сөз мәдениеті мен бірлігін тануда Н. Уәлиевтің, Р. Сыздықованың, М. Жармұхамедұлының, Б. Шалабаевтың, Г.Қосымованың зерттеу еңбектері үлкен рол атқарады.

Шешендік сөздер ас-тойларда, жәрмеңке жиындарда айтылатын дау-тартыс, ақындық, шешендік айтыстармен ғана шектелмеген. Ауылдағы ойын сауықтарда, мәслахат жиындарда, тіпті жай отырыстарда көрті көрген қарттар, үлгі өнегелі сөз айтып отыратын салт болған. Сондықтан да бізге жеткен сөздер арасында шешендік даулармен қатар, шешендік нақыл, насихат, әзіл-тақпақ сөздер де мол.

II ТАРАУ

ШЕШЕНДІК СӨЗДІҢ ҚАЗІРГІ ТҮРЛЕРІ

«Шешендік, негізінен, практикалық қажеттіліктен туатын құбылыс. Сондықтан оның әр дәуірдегі, әр халықтың тарихындағы қызметі, әлеуметтік мәні, түрлері, иелері түрліше болады. «Біздің заманымызда шешендік – ілуде біреу пайдалана алатын, сирек қолданылатын өнер категориясы емес, керісінше қоғамның әлеуметтік, мәдени, рухани өмірі кеңінен қажет етіп отырған, көптеген мамандар мен әр аулан қайраткерлер әрдайым іске асырып келе жатқан іс-әрекет актісі»⁴ Сондықтан оны игеру, өз мақсатына қарай қолдану әркімнің талантына ғана емес, талабына қарай мүмкін болады. Тек ол үшін қай ортада, қандай жағдайда шешендіктің қай түрін қолданудың жолын білу шарт.

Шешендік сөздер айтылатын орнына, мазмұнына (тақырыбына) және айтылу мақсатына қарай бірнеше текке бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіне тән сипат белгілері бар.

Ғылыми әдебиеттерде шешендік сөздің төрт тегі көрсетілген:

1. Әлеуметтік – тұрмыстық шешендік.
2. Әлеуметтік – саяси шешендік.
3. Академиялық шешендік.
4. Соттағы шешендік.

Шешендік сөздердің кез келгенінде жалпылама қолданылатын сөздердің үлесі мол, сондықтан олардағы стильдік нормалар да қатып қалмайды, аралас қолданылады. Дегенмен, шешендік сөздердің әр-түрінің негізін құрайтын тілдік сипаттар болады. Бұл сипаттар бірыңғай стильдік жүйеге тірек болады.

⁴ Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. 2004.

Шешендік сөздердің арасында өзара тығыз байланыстылық бар. Мысалы, академиялық шешендік пен әлеуметтік-саяси шешендіктің арасында көбінде тақырыптық ортақтық жиі кездеседі. Мәселен, халықтың әлеуметтік жағдайы ресми баяндамаға да, дәріске де өзек бола алады. Ал адамгершілік мәселесі шешендіктің барлық тектеріне арқау болады. Бірақ, әр тектің өзіндік сипаты сақталады.

Таным мен білімнің, рухани дүниені дамыту мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың, адамзатты ізгілікке, қайырымдылыққа үндеудің, тәрбиелеудің құралы ретінде қызмет ететін шешендік сөздердің шынайы үлгілері қашан да біздің тарихымыздың, қоғам мен мәдениетіміздің дамуының айнасы іспетті.

Шешеннің сөйлеу шеберлігінің жарқырай көрінетін адами асыл қасиеттері мен жеке көзқарастарының, сезімінің тоғысынан туатын шабытты сөздің бір түрі – әлеуметтік-тұрмыстық шешендік.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке бүгінгі мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында, қабір басында айтылатын сөздер жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық сөздердің мақсаты – белгілі бір оқиғаға қатысты немесе жеке тұлғалардың қоғамдағы, өз ортасындағы атқарған ісін дәріптеу, мадақтау, оның сіңірген еңбегін бағалау тұрғысында тағылымды ой тастау.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөзге ауызекі сөйлеу стиліне, публицистикалық стильге лайық белгілер, әсіресе көркем әдебиет стиліне сай сөз айшықтығы, биік пафос, мөлдір романтика, шұрайлы шындық тән.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің озақ үлгілері шешендік арнауларда, шешендік жоқтау сөздерде ерекше дараланып көрінеді. Әсіресе, еліне еңбегі сіңген халық көсемдерінің, айтулы тұлғалардың бейнесін биіктеткен сөз үлгілері қазақ жырауларының, ақындарының шығармаларында жиі ұшырасады. Оларда құрғақ мадақ емес, дәлелді, дәйекті сөз дәні мол.

Заман талабына сай айтылатын әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздер қазір де жиі кездеседі. Мүшелтойға, мерейтойға қатысты жиындарда, баспасөзде, ақпарат құралдарында айтылатын мадақ сөздердің ішінде салиқалы, сырлы, сұңғыла сөз маржандарын табу қиын емес.

Ұлттық дәстүрге сай бата беру, көңіл сұрау, көңіл айту, естірту де әлеуметтік – тұрмыстық шешендіктің түріне жатады. Онда адам қатынасының ең биік үлгілері бой көрсетеді.

Азалы, қаралы жиындарда жан тебіренер қоспаса сөзінде қаншама тағылымды із бар. Осының бәрінде шешеннің терең ойы мен сындарлы сөзі ұштасып жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздерде қолданылатын тілдік құралдар: афоризмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, оқшау сөздер, ажарлау, айшықтау, шешендік фигуралар: риторикалық сұрау, риторикалық қайталау т.б. Онда эмоциялық-экспрессивтік мәндегі сөздер де орынды қолданылса нұр үстіне нұр.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздердің әулеттің, отбасының ауқамындағы жиын-тойларда да әсері мол.

Бүгінде түрлі құттықтауларда да шешендіктің асып-төгілетін сөз үлгілерін қолдану – ұлттық шешендік дәстүрдің жалғастығының куәсі.

Қолданыс аясы жағынан кең тараған шешендіктің түрі – әлеуметтік саяси шешендік сөздер. Оған саяси және әлеуметтік тақырыпта жасалатын баяндамалар, митингілерде, конференцияларда, съездерде, сессияларда сөйленетін сөздер, ресми хабарлар, радио мен теледидардан жүргізілетін саяси-әлеуметтік шолулар жатады. Сондай-ақ әскери патриоттық, үгіт-насихат сипатындағы сөздер де шешендіктің осы түріне енеді.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөздер мемлекетшілік істерде, мемлекетаралық қарым-қатынастарда, ресми, дипломатиялық кездесулерде айтылады. Сондықтан онда тыңдаушыны өз ойына «бағындыруды» көздейтін

публицистикалық стильге тән қуатты серпін, ресми стильге тән қысқалық пен дәйектілік, ғылыми стильге тән нақтылық пен тұжырымдық сипаттар тоғыса көрінеді.

Әлеуметтік-саяси шешендіктің мақсаты – тыңдаушылардың қоғамдық пікіріне қорғау салу, саяси көзқарастарын қалыптастыру, идеологиялық бағыттарға қырағылықпен қарауға үндеу. Тыңдаушыларды жігерлендіру, намысын жану, дүниетанымдық ұғым-түсінігін кеңейту де шешендіктің осы түріне тән.

Әсіресе, әскери-патриоттық тақырыптағы шешендік сөздерде жауынгерлердің елжандылық сезімдерін оятып, рухтандыруда шешеннің тапқырлығы мен алғырлығының, адам сезіміне әсер етер эмоциялық бояуы мен реңкі айрықша сөздерді орынды қолдана білуінің маңызы зор.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөздерде терминдер мен деректер, түрлі сілтемелер, дәйек сөздер өз ретімен кіріктірілсе, сөз мазмұны тереңдей түспек. Тілдік құралдардың ішінде афоризмдер, қанатты сөздер, ақыл-нақыл сөздер, қаратпа, қыстырма сөздер жиі қолданылады.

Күнделікті дайындықты, үнемі толықтыруда, жетілдіруді қажет ететін, уақыт пен қоғамның тынысын дәл бағымдап отырумен, жаңашылдық сипатымен, ғылыми негіздерінің тереңдігімен ерекшелетін шешендік сөздің маңызды бір тегі – академиялық шешендік.

Академиялық шешендік сөздің мақсаты – тыңдаушыларға ғылымды танудың жолын көрсету, жаратылыстың заңдары мен заңдылықтарын түсіндіру, шындықты логикалық жүйемен аша отырып, адамның ғылыми – танымдық өрісін кеңейту, дүниедегі алуан құбылыстардың табиғатын саналы түсінуге жол ашу.

Академиялық шешендік сөздің түрлеріне жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндамалар, ғылыми хабарламалар, шолулар, ғылыми – көпшілік дәрістер жатады. Тыңдаушылармен бетпе-бет отырып

сөйлеу шешеннің ерекше қырағылығын талап етеді. Шешен мен аудиторияның арасында біртұтастық, тікелей байланыс болады.

Шешен қандай күрделі жағдайда болмасын (оқыстан қойылған сауалдарға, репликаларға) тапқырлық, ұтқырлық, икемділік танытардай тас түйін дайындықта тұруы тиіс. Ол, ең алдымен, ой-пікірін сәтті сабақтастыруға шебер, аудиторияның тосын сұрақтарына ішкі серпіліспен, шапшаң, жанды жауап беругі төселуі қажет.

Аудиторияны өзіне бағындыру, ықыласына бөлену – үлкен өнер. Аудиторияның әлеуметтік құрамын, білім деңгейін, жас ерекшеліктерін, яғни түсіндіру мен қабылдау мәселелерін зерделей білу де шешеннің сұңғылалығын қажет етеді. Жаңалықты құбылысты тыңдаушылардың жүрегіне ұялатып, санасына сіңдіру үшін белгілі бір нақтылы жайлармен салыстыру, қиыстыру амалдарына жүйріктік те шешен беделін көтереді.

Ғалым Р. Сыздықова: «Біздің заманымыздағы жоғары оқу орнының оқытушысы кәсіби дәрісші болып саналады. Ол – ғылым мен техниканың, әдебиет пен өнердің табыстарын тиісті аудиторияға жеткізуші, насихаттаушы адам. Ал дәріскердің басты құралы – шешендік. Бұл типтегі шешендік сөздің негізгі сипаты тілдік – көркемдеуіш элементтерден емес, айтылған ойдың қажеттілігінен, дәлелділігінен және ақпарат беретін мақсатынан танылуға тиіс. Мұндағы аргумент мақалдатып - мәтелдетіп берілмейді. Психологиялық эффект сөздің «сылдырап өңкей келісімімен» емес, логикалық желінің күштілігімен, қорытынды түйіннің дәлелділігімен жасалады», - дейді⁵.

«Пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады» (А.Байтұрсынұлы).

Академиялық шешендіктің басты ерекшелігі – шешендік сөздің ғылым, танымдық негіздерінің мықты болуы, деректік мағлұматтардың дәлдігі,

⁵ Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. 2004. 34-бет

пайымдама, тұжырымдардың объективтілігі, түйіндеулердің дәйектілігі. Шешендік сөздің бұл түрінде сан тарау қағидаларды, заңдылықтарды өз ретімен, жүйесімен қолдана отырып, салыстырулар жасау, анализ, синтез әдістерін тиімді қолданудың мәні зор.

Стильдік тұрғыдан келгенде ғылымилықта, ресмилік те, публицистикалық та сипаттағы сөз қолданыстары тоғысатын академиялық шешендік лириканың да қатысуы сөз әсерін сәулелендіреді. Академиялық шешендіктің құнын тыңдаушыны «үркітетін» ғылыми терминдер тасқыны емес, барынша түсінікті қысқа да нұсқа болуы, қабылдауға жеңілдігі арттыра түседі. Дәріскердің түйдекті ойлары бір – бірінен туындап, өрбіп, дамып отыруы қажет.

Академиялық шешендікте дәріскер мен аудиторияның жиі кездесуі, қарым-қатынасының біршама тұрақтылы да оның өзіндік ерекшелігі болып саналады. Сондықтан әр кездесу сайын тың деректер, жаңашыл сипаттары болумен қатар, кешегі, бүгінгі, ертеңгі сөздерінің біртұтастығын, сабақтығын дамытушылық тұрғыда талғап отыру да шешеннің салиқалылық қасиетіне тән екен.

«Сөз шешендік қисынға, ой-пікір жүйелілігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделуі тиіс», – деген Әл Фараби тұжырымы осы академиялық шешендікке сәйкес келеді. Академиялық шешендік сөздің сапалық белгісінің бірі – уәжділігі мен тәрбиелік, тағылымдық мәнінің болуы. Мұнда формалдық пен әсіре боямалыққа орын жоқ. Шешеннен психологиялық – педагогикалық мәдениет талап етіледі.

Бастау кездерін антикалық дәуірден алатын соттағы шешендік сөздің басты мақсаты – қоғамдағы әділдікті орнықтыру, жеке адам мүддесі мен қоғам мүддесін таразыға салып безбендеу, әділетсіздікке қарсы үн көтеру.

Соттағы шешендік сөздің түрлеріне прокурордың айыптау сөзі, әлеуметтік айыптаулар мен қорғаушылардың сөздері, адвокаттың сөзі, айыпкердің қорғану сөзі жатады.

П.С. Порохошиков шешен алдындағы міндеттердің ішінен төмендегі екеуін ерекше бөле – жара атайды.

1. Сөздің логикалығы мен тіл дұрыстығына сүйеніп, сөздің анықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету;

2. Тыңдаушыларды ұйыту, өз ұсынысын қабылдауға көндіру, мәжбүрлеу; дәстүрлі шешендік амалдарды қолданып, қажетті атмосфера туғызу, баурау, сөзін дәлелдеу және көпшілікті инандыру.

Соттағы шешендік қарсыластармен бетпе-бет өтетіндіктен, ерекше жинақтылықты, кез-келген сұрақтарға шалт жауап қатуға, қарсы жақтың осал жағын да, мықты жағын да дәл тани білуге қажетті қырағылықты қажет етеді. Іс мәнісін баяндауда тек барды баяндау емес, даулы, кереғар сауалдар туындатуға, қарсыласының пікірін жоққа шығаруға мән беріледі.

Шешендіктанушылардың пайымдауынша, шешен әр сөзін өзі қалай түсінсе, тыңдаушыға солай ұғынықты ету керек. Сотта сөйленетін сөз өте анық айтылуы шарт. Тыңдаушылардың еш қиындықсыз қабылдауына лайық айтылуы керек. Мұндай шеберлікке жету үшін стильдің тазалығы мен дәлдігі мен тілді терең меңгеру талап етіледі.

Соттағы шешендіктің және бір ерекшелігі жинақылығында. Бірақ қазіргі айыптаушылар мен қорғаушылар сөзінде ойдан гөрі айтыс-тартыс басым. Түйінді сөз айтудан тайсақтау жиі көрініс береді.

Соттағы шешендік өте мұқият дайындықты талап етеді. Дерек пен дәйектің жымдасуы шешендік сөздің логикалық қисынының күштілігін танытады.

Соттағы шешендікте қолданылатын тілдік құралдар: ресми қатынасқа тән эпикалық сөз орамдары, мақал-мәтелдер, дәйексөздер, риторикалық сұраулар, риторикалық қайталаулар ...

Соттағы шешендікте де көпшілік сезіміне әсер ету үшін публицистикалық стильге тән жігер, асқақ үн, ресми стильге тән қалыптасқан жүйелілік, арақашықтықты сақтау.

Қазақ шешендік өнерінің іске билік, дау мәселелерін әділ шешу қажет деген қағида жатқандағы анық. Қазақтың көшпелі тұрмысы, ел ішіндегі дау-дамайлар орақ ауызды, от тілді билердің әділдігі арқасында оң шешім тауып отырған. Хатқа түсіріп, қаттап жазбаса да, ел әділ билік жүргізу қағидаларын шешендерден еркін талап ете алған. Ақ жүріп, адал өткен билерін әділдіктің Темірқазығына балаған. Қай биге жүгіну қажеттігін халықтың өзі таңдаған. Бұдан сахара сайын дала төсінде өмір сүрген халықтың ой еркіндігі мен сөз еріктілігін өзінің өмір салтының өзегі етіп ұстанғаны көрінеді.

Ешкім дауыс беріп сайламайтын, бекітпейтін қазақ билерінің беделі мен қадірі қара басының қасиетіне негізденуі де, олардың әділ қазылық етумен ғана көпшіліктің көңілінен шығуына жол ашқан.

Билер сотында қағазбастылық, үстірттік, ресми кертартпалық жоқ. Биге бедел мен білік тән.

Осы шешендік сөздің түрлеріне берілген үлгілер. 1.Әлеуметтік тұрмыстық шешендік сөз.

Қайғысыз, мұңсыз жан бар ма?

Сандыбай өлгенде, бәйбішесі қайғырып жатып алыпты. Көңіл айтып жұбатқандардың сөзін құлағына ілмепті. Бір күні Шорман келсе де, бәйбіше күрсініп жата беріпті.

Сонда Шорманның айтқан көңілі екен:

— Жатырмысың қайғырып,

Өтіп кеткен Абыланға.

Алладан бұйрық келгенде,
Кім тұрады жалғанда?
Қайғысыз, мұңсыз жан бар ма?
Талайы қалған арманда.
Айтатұғын сөз бар ма,
Бір жаратқан алғанда?
Әзелден жазған тағдырды
Бір жаратқан бұзған ба!
Үш жүздің анасы емес пе едің,
Өзің көңіл айтсаңшы,
Біздей жетім қалғанға!

Сонда бәйбіше: «Ә, солай ма?» - деп басын көтеріп, Шорманмен
амандасқан екен.

2. Әлеуметтік саяси шешендік сөз.

Әлеумет!

Сөйтіп, өткеніміз бізге әлі де болса бұралаңы көп тағдыр мен бұлыңғыры мол тарих сыйлапты. Арғыдағы Шыңғыс пен Майқы, Тоқтамыс пен Сыпыра, Едіге мен Қамараддин, Қорқыт пен Асан қайғы, Жәнібек пен Керейден бастап, берідегі Абылай мен Бұқар, Кенесары мен Наурызбайға дейінгі көп бабаларымыздың жатқан жерлерін әркім әр саққа жүгіртетіндей дүдімал қылып, ат басын тіктеп баратындай, әуелден атақ жөні жазулы, ай таңбасы басулы ап-айқын тұрған зират орындарын аз қалдырыпты. Пешенемізге солай жазылса, амалымыз қайсы? Алайда бұлай екен деп, арғы-бергідегі игі жақсыларымыздың атақтарына байланысты азғантай жәдігерліктерімізді көрер көзге көзден өшіртіп жібергенде де, ертең бізге ешкім рақмет айта қоймас.

Ендеше, оларды ақтығына дейін аман сақтап қалуға тырысқанымыз жөн шығар. Ақи-тақи ақиқат пен анықтап алатындай дәуірге дейін ізін жоғалтпай жеткізуге қолдан келер жағдайды жасағанымыз дұрыс болар.

Мынау көз алдарыңыздағы жығылған еңсесін қайта тіктеп алған ескерткіште де дәл сондай мақсаттың табы тұр. Ол атақты бабаларымыздың асқаралы тағдыр жолын мықтылап біліп, қапысыз айқындап алуымызға еш кедергі келтірмейді. Қайта сондай өрелі ізденістің керек екендігін қайта-қайта есімізге салып тұратын болады.

Оның үстіне туған жерін қорғап, туған елін талай рет құрып кету қаупінен сақтап қала алған Қабанбайдай бабаларымыздың әруағына қашан, қайда, қанша тауап етсек те, көптік қылмайды.

Ендеше, біткен іске риза болып оған ат салысқан азаматтарымызға алғыс айтқанымыз әбден орынды. Қазіргідей кезеңде бой көтерген бұл ескерткіш – біреулерімізге тарихтан тағлым үйрететін, біреулерімізге өткеннен өнеге көрсететін ұлағатты орын болмақшы. Айрықша қастерленбекші.

(Жазушы Ә.Кекілбаевтың Қаракерей Қабанбай батырдың кесенесін ашу кезінде сөйлеген сөзі)

3. Академиялық шешендік сөз.

Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті, бірақ сол бұрын-соңғы тарихта орны бөлек екі адам бар десек, бұлар – Қазақ Ордасының негізін салған әуелгі екі ханымыз – Керей мен Жәнібек. Бұлардың қайсысы басшы, қайсысы қосшы деуге болмайды. Екеуі де дана, екеуі де ер. Алаштың асып туған ұлдары.

Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі – ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде қалған, ұлттық тарихымызда жәй ғана Жәнібек хан деп аталмайды. Өз Жәнібек хан деп аталады. Өз Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп,

ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ ордасының күдіретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымымыз Шоқан, Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхан – барлығы да осы әулие Әз Жәнібектің тікелей ұрпақтары. (М.Мағауин)

4. Соттағы шешендік сөз.

Осы күнде қазақта ауыл басына жүз үй. Жүз үй басына бір би. Биді құдай қаңғыртқаны болмаса, би түзу болса, билік әділ болса, би үй қасында, желіп барып биге түсіп, дау біте қалатын жерде. Биге закон – жол жасап беріп, осы соқпақпен жүр деп жүргізсек, биді кім болса содан қорықпайтын қылсақ, біреудің бетіне, біреудің жақсы жағасына қарамайтын қылсақ, ауыл басына бір би, жұртқа жақындығынан, жұрт ортасында болғандықтан, жұртқа пайдалы, жұртқа ыңғайлы болмай ма? (Ә.Бөкейханов)

ІІІ ТАРАУ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ СТИЛІ

Халық ауыз әдебиетіндегі, соның ішінде шешендік сөздердің көркемдік және стильдік ерекшеліктерін қарастыру – үлкен ғылыми проблема. Сондықтан да, егемендік алғаннан кейін шешендік сөздерді жарыққа шығару, зерттеу кең өріс алды. Осы ретте шешендік өнердің стильдік мәселесіне қалам тартқан бірнеше ғылыми еңбектердің жарық көргенін атап өткен жөн. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы А. Байтұрсынов шешендік өнердің жалпы мәселелерін көтеріп, көркемдік мәселесін айта келіп, ғылыми құндылығы жоғары теориялық тұжырымдар жасады. Осы тұжырымдарды негізге ала отырып ғалым Г. Қасымова шешендік өнердің көркемдігі туралы ғылыми еңбектер жазды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Сәкен Сейфуллин,, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұханов қазақ шешендік өнердің ел өміріндегі маңызының заман талабы тұрғысымен бағалап, ғылыми еңбектер жазса, қазақ шешендік сөздерін жинап, ел игілігіне ұсынуға Сәкен Сейфуллин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Балтабай Адамбаев, Жаңғара Дәдебаев секілді әдебиетшілер едәуір еңбек етті. Бұл авторлардың еңбектерінде қазақ шешендік өнердің көрнекті ірі өкілдерінің шығармашылығы арнайы зерттелді. Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері, тарихи негіздері, тіл көркемдігі, шешендік шеберлігі мәселелері сөз болды.

Халық ауыз әдебиетінде де шешендік өнердегі стиль мәселесіне назар аударылып, шешендік сөздердің құрылысына, көркемдік-танымдық мәніне арналған монографиялар, жеке шешендік шығармаларына арналған кітаптар бар, шешендік өнердің стилі жайлы да пікір айтылып жүр. Алайда шешендік өнердің стиліне арнайы ғылыми еңбектер жарық көре қойған жоқ. Стиль шешеннің шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат

болғандықтан оны жан-жақты және терең зерттеу қажет. Сонымен бірге стиль мәселесін сөз еткенде шешендік сөздердің түрін мазмұнынан ажыратып зерттеу қисынсыз.

Стиль шешендік сөздердің әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігі болуға тиіс. Стиль – шешендік өнердің көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген шешен ғана елге билік жүргізген. Ал көркемдік сапасы төмен, идеясы екіұшты, мазмұны мардымсыз айтылған шешендік сөздер өзі өмір сүрген ғасырда қалып қойған. Сонымен шешендік стиль сөз зергерлерінің үлкен шеберлікпен жасаған отты да, ойлы сөздерінен көрінуі тиіс.

Шешендер шығармашылығы дегеніміз – өмірде образды бейнелеп, көркем шындық жасау жолы екенін, яғни өмірдегі болмыс дүниесінен өнер дүниесін жасап, қайтадан өмірге ықпал жасайтын жол екенін мойындаған жөн. Шешендердің өмір шындығынан алынған дүниені көркемдеп айтылуы өзінше қиысып пішінделген ерекше белгі сипаттармен астаса, жараса келіп, стильдік ерекшелігін жасауы мүмкін. Мұнда шешендер шығармашылығына тән психологизм мен соған лайық тіл машығын байқаймыз. Шешендердің өзіне тән қайталанбас стильдік қалпының басқа шығармамен ұқсастығы да болуы мүмкін. Сондықтан да біз шешендік сөздер жазба әдебиетінің бастауы деп айтамыз. Шешендер шығармашылығы саяси-әлеуметтік стильде айтылады. Әрине, бұлардың стильдік жүйесі мінсіз, мүлтіксіз төрт тұтқасы жатық күйінде бізге жете қойған жоқ. Халықтың аузынан-аузына өтіп, ауызша тарағандықтан өзгеріске ұшырағаны даусыз. Дегенмен, сөзді көркем қолдану шеберлігі сақталған, оның сақтауы да заңы. Шешен сөздің жүйесін тауып, шешілмес дауға сөзбен әсер еткендігінен осы заманға жетіп отыр.

Стиль атаулы құбылыс бір заматта (дауға сөзбен әсер) қалыптаспайтындығын ескерсек, оның бірте-бірте даму процесінде жетілетін құбылыс деп қарасақ, қазақ әдебиетінде стиль дамуының тарихы жалпы

әдебиеттің көркемдік дамуының тарихын танытатындығын көреміз. Яғни, шешендік сөздерден бастау алады. Сонда, шешендік сөздердің стилі – сөзінің көркемдігінде. Көркем сөзбен тап басып, дәл тауып, шынайы табиғи айтылуында. Көріктеу құралы қаншалық ашық, айқын, дәл берілсе, ол соншалық мойындатушы, әсерлі. Өйткені, көріктеу құралы көркемдеу қызметін ғана атқармайды, басқаша айтқанда, бояудың ролінде ғана қолданылмайды, сонымен бірге ой үшін, оның айқын, ашық түсініктілігі үшін да қажет.

Мысалы: Бөлтірік қасында серіктерімен бірге үйде түстеніп отырады. Сөйтіп отырғанда олардың үстіне сол ауылдың бір байы келеді. Ауыл адамдарының қатарынан асып, бай төрге, Бөлтіріктің қасына келіп отырады. Үй иесінің қонақтарына арнап тартқан сый табағы ішіндегі қойдың басымен төмендеп кісілерді жағалап кеткен екен, бас ұстап отырған кісі қолындағы басты келген байға ұсынады. Бас біраз мүжілген екен. Бай өзіне ұсынылған басты алып, қалған көзін алып жейді. Бастың көзін алып жеп отырып бай Бөлтірік пен оның қасындағы серіктеріне тиісіп, оларды ашқұрсақ жүрген қыдырымпаздар деп, не малы жоқ, не жолы жоқ, жарымаған жарлылығын айтып іліп-қаға береді. Сонда Бөлтірік төменде отырған ауыл кедейінің қолынан бас алып мүжіген байға:

Арғымақ атта жол болмас,
Жабы келіп жолыменен теңесер.
Ақиық ерде мал болмас –
Жаман келіп малыменен теңесер.
Мен арғымақ болғанда,
Сен бір жабы емес пе едің –
Жолыңмен теңесіп тұрсың-ау.
Мен ақиық ер болғанда,
Сен бір жаман ез емес пе едің –

Малыңмен теңесіп тұрсың-ау.

Жабы арғымақ бола ма

Жол біткенмен

Жаман жақсы бола ма

Мал біткенмен.

Жаман болмасаң,

Есіктен кіріп төр менікі дер ме едің?

Жақсы болсаң,

Жолшыңнан сарқыт жер ме едің? – депті.

Сонда кедейдің қолынан сарқыт алып жеген байдың үні өшіп, тамаққа қол соза алмай отырып қалған екен.

Мұнда шешен эпитет арқылы жолымен арғымаққа теңескен жабы, малымен ақиық ерге теңескен жаман туралы айта келіп, өзін – арғымаққа, ерге, малды байды – жалды жабыға, жаманға теңей келе жаманның жақсы болмайтындығын, мал біткеннен тегіне тартып тұратындығын сол себепті жолшыдан сарқыт жегендігін баса айту арқылы көріктеу құралдарын пайдалана отырып, ойын айқын, ашық айтып отыр.

Осы жолдардағы метафора, теңеулер көркемдеу қызметін ғана атқарып тұрған жоқ, сонымен қатар ойды ашық, айқын дәл жеткізуде де үлкен қызмет атқарып тұр. Шешендер тілінің өткірлігін, көркемдігін арқау етіп, өзінің өмірден көрген-білгенін, түйгенін бойындағы талант тәжірибесін, сезімге эмоциялық әсер беретін бейнелі көркем образ жасауға, ағайынды арандастырған дауды басуға жұмсаған. Осы тұста шешендердің стилі қалыптаса бастады. Тіл өрнегінсіз стиль жоқ. Шешеннің тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, ұйқас, әуез ерекшелігіне байланысты өзгешелігі стильдің құрамында танылады. Стильдің аясына тіл өрнегінің неше түрі сыя береді. Шешендер шығармаларының өзара ұқсастығымен қатар, кейбір

ерекшеліктері байқалады. Ол шешендердің өмір сүру дәуіріне байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерге заманға сай шешім айтуында болса керек.

Айталық, мына шешендік билікке назар аударайық. Шу өзеннің Балқашқа жақын жайылымына бұдан көп жыл бұрын Үйсін мен Арғын тайпаларының белді бектері таласыпты. Екі жақтың да билері бас қосып, кеңесіп, бәтуаласа алмай отырғанда, топқа еріп келген он бес жасар Төле билік айтушылардың бірде біріне көңілі толмай:

Ақты ақ деп бағалар,

О, игі жақсы ағалар!

Өзегі толса ел біткен

Өзен бойын жағалар,

– деп сөз бастай бергенінде: «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деуші еді. Мына бала кім өзі?» дейді төрдегі би. Төле қасқая қарап тұрып:

- О би аға, он үште отау иесі демес пе,

Кінәлімін бе келіп қалсам он беске?

Сөз сөйледім, бұйыра көрмеңіз айыпқа,

Ала көз болу ағайын адамға лайық па?

О, игі асқар тауымыз,

Әділ мен осы дауымыз?

Жар астында тұрғанда

Жасырынып жауымыз? – дейді.

Сонда төрдегі би:

- Қой асығы демендер,

Қолыңа жақсы, сақа қой

Жасы кіші демендер,

Ақылы асса, аға ғой, - деген екен.

- Балам ағалық билікті саған бердім, - дейді.

Бала Төле жұлып алғандай:

- Сары табақтан сарқыт қайтады дегені Билікті маған берсеңіз, Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын, – деп билік айтады.

Бұл шешімге екі жақта риза болып, бітімге келеді. Сонда төрдегі би:

Үй баласы ма деп едім,

Ел баласы екенсің

Ай маңдайлы арысым,

Талабың алдан өтелсін.

Ауылыңның таңы бол,

Маңдайдағы бағы бол!

– деп, бала Төлеге бата берген екен.

Осыдан бастап Төленің аты шығып, ел арасындағы дау-жанжал, келіс-сөзге араласып, билік айта бастапты.

Мұнда әлеуметтік жағдайға негізделген таза шешендік билік айтылған. Ал мына бір мысалға назар аударсақ мұнда тапқырлық басым көрінеді. Бөлтірік ауылының бір танысы қартайғанша ұрлық қылуын қоймапты. Ұрлық болғанда біреудің ұсақ-бұйымын қышқырып кете береді екен. Бір күні түнделетіп көрші ауылдағы тойдан қайтып келе жатса, алдынан әлгі шал ұшыраса кетеді. Оны тани кеткен Бөлтірік:

- Түнделетіп нығып жүрсің? – десе анау:

- Жай әшейін, Бөлтеке – деп қипақтайды.

- Арқалап алғаның не?

- Қауын, қарбыз еді.

- Оны қайдан алдың?

- Мына ауылдың қауыны пісіп жатыр екен, содан ала салдым.

- Ұрлап алғаныңыз жарамайды ғой, ақсақал.

- Қараңғы түнде кім көреді дейсің.

- Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді емес пе?

- Қап, мына сөзің өңменімнен өтіп кетті-ау, енді қойдым, қойдым! – депті шешеннің сөзі шымбайына батқан шал. Сол-сол екен, әлгі ақсақал ұрлық қылуын пышақ кескендей қойып кетіпті деседі. Осы екі мысалдан көрсетуіміз Төле би заманындағы шешендік өнер билік негізінде танылса, Бөлтiрiк заманында тапқырлық басымдау.

Шешендік стильдің теориялық негізіне жататын үлкен мәселелердің бірі – әлеуметтік жағдай проблемасы. Қай жанр болғанмен өз халқында үлгісі бар көркем дәстүрмен творчестволық тәжірибені пайдаланып, оны дамыту арқылы жаңалық жасайды. Қазақ әдебиеті жанрларының стильдері де, шешендік өнерден бастау алып, дамып, жаңа сипаттарға ие болды.

Орыс ғалымы В.Радлов: «Шешендіктен соншалықты рахат табатын халықтың өлең сөзі дүниедегі ең жоғары өнер деп қарауы түсінікті-ақ, сондықтан да қырғыздардың, қазақтардың халық поэзиясы жоғары дәрежеге жеткен» деуінің өзі осыған дәлел болып тұр. Шешендік сөздер дәуірдің маңызы сипатын тану үшін ең бірінші өрнекті белгілер екенін көреміз. Сондықтан да шешендік өнердің стилін осы белгілеріне қарап ажыратуымыз керек.

Шешендер стилі жетілу күйінде зерттелу керек. Өйткені, стиль объектісі – өмір, оны жасаушы – өмірге етене араласып, әлеуметтік жағдайды көзбен көріп, жанмен түсініп отырған шешен стильдің «бірінші элементі» – тіл де үнемі дамып отырады. Тас мүсін болып қатып қалған стиль болмайды. Шешендердің стиль ерекшелігін зерттегенде олардың шығармашылығына көркемдік талдау жасап, стильдік даму жолын көрсету қажет. Бұл жолда стиль құрайтын компоненттердің көркем синтезінде ұлттық ерекшеліктердің исі аңқып тұрады. Мұнда ұлттық дәстүр мен ұлттық мінез өзгеше көрініс табады: Жеті атасын білмегенді жетесіз дейді

Жеті руды білмегенді жер көріп,

Ел танымаған ессіз дейді.

Жеті жарғыны білмегенді жөнсіз дейді
Жеті құбыланы білмегенді көкірек – көзсіз дейді.
Жеті жақсыны білмегенді жаман дейді.
Жеті жаманды білмегенді надан дейді.
Жеті жетімді білмегенді арзан дейді.
Жеті жетіні білгенді адам дейді.

Бұл шешендік сөзде жеті сөзінің қайталануы арқылы, аллитерация жасалса, жеті санын қазақ халқының қасиеттейтіндігін айта отырып, жеті жетіні білгенді адамға теңей отырып білмегенді шендестіру арқылы талдау жасаған. Әр дәуір өнердің даму өрісіне сай жалпыға ортақ қалыптасқан бейнелеу тәсілдерімен, көркемдеу құралдарымен ерекшеленеді. Шешендердің стилі ең алдымен оның таптық, идеялық, эстетикалық көзқарастарына байланысты. Өйткені, өнерде стильдің басы – идеялық көзқарас эстетикалық таным көркемдік талғам.

Шешендік өнер стилін тек бір шешен ғана жасамайды, ол белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы көзқарасты қолдаушы бірнеше шешеннің өмір тануы тақырып, әдіс бірліктерінің жиынтығынан келіп туады. Дегенмен шешендердің мәдени өрісіне, өмір тәжірибесіне, тапқырлық шеберлігіне де байланысты.

Айталық мына шешендік сөздердегі эпитет:

Білектің күшінде кеткенінді
Биліктің күшіменен қайтардым.
Найзаның ұшында кеткенінді
Тілдің ұшымен қайтардым.
Антонимдік параллелизм:
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс,
Жаманға айтқан сөзден
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.

Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс
Ойсызға айтқан сөзден
Ойлыға айтқан сөз дұрыс
Айтылмай қалған сөзден
Айтылып қалған сөз дұрыс
Сөйлемес жерді білмесең
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,
Бәрінен де сол дұрыс.
Олай болмаған жерде
Қанша асыл деме –
Сөзінің алды – дұрыс,
Арты – ұрыс.
Көркемдік көріктеу:
- Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін
Қайғы деген жылан бар
Өзекті шағып өртейтін.
Көркемдік теңеу:
Арқаң қара нардай жауыр болсын,
Мінезің қара жердей ауыр болсын
Өкпең жоқ кеудеңде бауыр болсын
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,
Жасың алпысқа жетпесін – дейді.

Біз шешендік өнер стилі жайында әңгімеледік. Стиль деген кең ұғым. Айталық, дәуір стилі, өнер стилі, әр дәуір өнерінің көркемдік әдіс стилі тағы басқа. Біздің сөз еткеніміз шешендік өнер стилі. Шешен сөздерінің көркемдік әдістері. Шешендер өмір сүрген заманына қарай әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты шешендік дүниетанымы мен шеберлігі қалыптасып, кемелденуіне орай стильде жаңа сипаттарын молығады, дамып жетіледі.

Риторика – сөз арқылы тәрбиелеу. Шешендік өнер де – сөз арқылы тәрбиелей отырып, ақыл-ойыңызды, ерік-жігеріңізді, жан-дүниеніңізді билеп алатын әсерлі сөз, сөйлем өрнектері болып табылады.

Шешендік сөз функциональдық стильдердің ауызша түрін тарату формасы ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, ол – қазақтың ұлттық табиғи болмысының және әлеуметтік өмірінің шынайы көрінісі.

Тағы бір мән беретін маңызды дүние, стилистика – тілдегі мәнерлілік, әдемілік болса, сөйлеу мәдениеті – тәртіптілік, дұрыстылық, тазалық, көркемдік. Ендеше, екі сала да тіліміздегі сөздер мен олардың грамматикалық құрылымдарының қолдану заңдылықтары.

Шешендік сөздің әлеуметтік мәні – мәңгілік. Функциональдық стильдердің қай-қайсысында да шешендік сөз өнерін пайдалануға болады. Шешендік сөз барлық стильдің ауызша түрінде қолданылады.

Әсіресе, ол публицистикалық стильде айрықша көрінеді: саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық, саяси-мәдени, оқу-тәрбие, мәжілістерде, әр түрлі конференцияларда, көпшілікке арналған сан алуан алқалы жиындарда, әскери-патриоттық, мәслахаттық отырыстарда, парламентте сөйлеген сөздерде т.б. қолданылады.

Сондай-ақ ғылыми стильдің жанрларында, атап айтқанда: жоқары оқу орындарындағы лекцияларда, ғылыми мәжілістердегі пікірталас, зерделі ой сұхбатында, ғылыми бас қосуларда, кездесулерде, алқалы жиындарда ауызша түрінде пайдаланылады. Ресми стильдерде заң тілінде яғни сотта соттың заңгерлерінің, қорғаушысының сөйлеген сөздерінде, дипломатиялық қарым-қатынастарында елшілік тілінде, ресми өкілдердің сөйлеген сөздерінде ұшырасады.

Шешендік стильді академиялық шебер сөйлеу, дидактикалық шебер сөйлеу, әскери шебер сөйлеу, соттағы шебер сөйлеу, ресми ортадағы шебер сөйлеу деп те таратып айтуға болады.

Қазіргі шешендік стиль – сөз арқылы тәрбиелеу тәсілі. Оның бәрі тілдік ойлау жүйесі арқылы жүзеге асады. Сөйлеуші ойды жинақтаған кезде

сөйленетін сөзді жүйелеп, тобықтай түйінін жасайды. Ойдың өрісінде семантикалық мағыналар топтасады. Әр сөз белгілі сөзбен тіркесінде тілдік құрылымдық жүйе қалыптасады. Сөздер тобы тіркескенде әр сөздің артында белгілі ойға құрылған сөздер тізбегі тұрса, ол белгілі кеңістікке бір сызық бойымен орналасады. Сөйтіп сөйлеушінің белгілі тілдік-стильдік жүйесінен шешендік өнер, шешендік стиль шығады. Шешендік сөздерді былай бөлуге де болады: салт дәстүрге қатысты сөз, әміршілдік сөз, сенімді сөз, кәсіптік шешендік сөз.

Шешендік стиль процесінде сұрақтар мен айтылатын пікірлерге байланысты тағы да тілдік элементті анықтап алу керек. Шешеннің көпшілік пен әңгіме барысында болған сөз жарыстарындағы ортақ түсіністігі, қабылдаушы тарапынан алған ескертпелері, автордың әңгіме барысындағы ортақ түсіністігін, философиялық, танымдық, шеберлік қасиеттерін нығайтуға көмектеседі.

Тілдің дұрыстығы, айтатын сөздің айқындылығы, орындау реттілігі, жүйелілігі, сөзді, сөз тіркесін таңдап қолдану, тілдік көркемдік амал-тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі – шешендік стильдің негізгі тілдік бірліктері.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бітіру мамандық жұмысымның тақырыбы шешендік сөздердің жаңа үлгілеріне арналды.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, шешендік сөздер, тіліміздегі орны, маңызы жайлы кең сөз етілді. Шешендік – тапқырлық сөздер бізге іріктеліп, сұрыпталып жеткен, тек жатталып, жазусыз сақталғандықтан сөздердің көбі ұмтылған, қайсы бірі жаңа дәуірге сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тауып жаңарып, жаңғырып отырған.

Қазақ шешендік сөздері бата – тілектен бастап өнегелі өсиет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, ер құны секілді дау – талас, келіс сөздерді қамтиды. Шешендік сөздерді атадан бала қайталап басынан кешірген, алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келесі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйірлі дәні деуге болады.

Қазақтың байырғы шешендік өнерінің бір бай саласы – шешендік дау, шешендік арнау, шешендік толғау.

Бірыңғай мемлекеттік заңы жоқ елде барлық дау – талап мәселесі ара ағайынның қазалығымен, жол – жоба білетін тәжірибесі қарттарға жүгінумен шешілген. Халықтың әдет – ғұрпына сүйенген әлінше әділ төрелік беретін ойға ұста, тілге шешен адамдарды ел «би» деп атаған. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық, билік – төрелік айту салты қалыптасқан.

Белгілі халық шешендері мен есімі белгісіз данышпан қарт, ақылды қыз, тапқыр бала, жарлы жігіт атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет – шешендік, өжеттігімен қатар, әділдігі ойының айқындығы.

Бірінші тарауда шешендік сөз тарихы және оның зерттелуі жайлы айтылып, шешендік сөздің о бастағы шығу арналары мен қазақ шешендік сөздерін зерттеуде көп еңбек еткен ғалымдарымыздың зерттеулері сөз етілді.

Египет пен Ассирияда, Вавелион мен Үндістанда шешендік өнер ежелден-ақ жоғары бағаланғанмен, Эллада шешендіктің отаны деп саналады.

Ежелгі Грекияда шешендік өнер туралы ғылымның теориясы тұңғыш рет қалыптасқан.

Шешендік сөзді зерттеушілер о басы Сократ, Платон, Цицерон, Марк Фабий Квинтилиан, М.В.Ломоносов, В.Г. Белинскийден арнау алады.

Қазақтың ұлттық шешендіктану ғылымының тамыры Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектерінен басталады. Ол «Риторика» атты трактатында шешендік өнер туралы ғылыми-теориялық топшылауларын алдымен тәжірибелік іс-мақсаттан, сөз қолдану аясының ерекшелігінен туындатады.

XI ғасырдың әйгілі шығармасы «Қабуснамада» шешендік өнер жайлы ірі-ірі түйіндеулер берілген. Ұлттық шешендіктанудың бастау – арналарын Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік», М. Қашқаридың «Диуани луғат ат - турк», А.Югнекидің «Хибатул хақайик», А. Яссауидің «Диуани хикмет», тағы басқа еңбектерден де табасыз.

Сонымен қазақ шешендік өнерінің даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XI-XIII ғасырлар аралығы (Майқы би, Аяз би).
2. XIV-XVI ғасырлар аралығы (Асанқайғы, Жиренше шешен).
3. XVIII ғасыр (Төле, Қазыбек, Әйтеке билер).

Қазақтың айтулы сөз зергерлері көркем сөзге, шешендікке қойылатын талаптарды өз ой-тұжырымдары арқылы түйіндеп бекіткен. Ол қағидаларды әрбір шешен ұстанған.

Қазақта Шоқан Уәлиханов, Абай, А. Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қ. Жұмашев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, С.Садырбаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, С. Негимов т.б. зерттеушілердің қазақ шешендік сөздерінің қалыптасу тарихы мен даму жолдарына қатысты өз ой-тұжырымдарына талдау жасалды.

Екінші тарауда шешендік сөздің қазіргі үлгілеріне тоқталдық. Шешендік сөздер айтылатын орнына, мазмұнына (тақырыбына) және айтылу мақсатына қарай, ғылыми әдебиеттерде шешендік сөздің төрт тегі көрсетілген:

1. Әлеуметтік – тұрмыстық шешендік.

2. Әлеуметтік – саяси шешендік.

3. Академиялық шешендік.

4. Соттағы шешендік.

Шешеннің сөйлеу шеберлігінің жарқырай көрінетін адами асыл қасиеттері мен жеке көзқарастарының, сезімінің тағысынан туатын шабытты сөздің бір түрі – әлеуметтік-тұрмыстық шешендік.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке бүгінгі мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында, қабір басында айтылатын сөздер жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің озақ үлгілері шешендік арнауларда, шешендік жоқтау сөздерде ерекше дараланып көрінеді. Әсіресе, еліне еңбегі сіңген халық көсемдерінің, айтулы тұлғалардың бейнесін биіктеткен сөз үлгілері қазақ жырауларының, ақындарының шығармаларында жиі ұшырасады.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөздер мемлекетшілік істерде, мемлекетаралық қарым-қатынастарда, ресми, дипломатиялық кездесулерде айтылады. Сондықтан онда тыңдаушыны өз ойына «бағындыруды» көздейтін публицистикалық стильге тән қуатты серпін, ресми стильге тән қысқалық пен дәйектілік, ғылыми стильге тән нақтылық пен тұжырымдық сипаттар тоғыса көрінеді.

Әлеуметтік-саяси шешендіктің мақсаты – тыңдаушылардың қоғамдық пікіріне қорғау салу, саяси көзқарастарын қалыптастыру, идеологиялық бағыттарға қырағылықпен қарауға үндеу.

Академиялық шешендік сөздің мақсаты – тыңдаушыларға ғылымды танудың жолын көрсету, жаратылыстың заңдары мен заңдылықтарын түсіндіру, шындықты логикалық жүйемен аша отырып, адамның ғылыми – танымдық өрісін кеңейту, дүниедегі алуан құбылыстардың табиғатын саналы түсінуге жол ашу.

Академиялық шешендік сөздің түрлеріне жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндамалар, ғылыми хабарламалар, шолулар, ғылыми – көпшілік дәрістер жатады.

Соттағы шешендік сөздің түрлеріне прокурордың айыптау сөзі, әлеуметтік айыптаулар мен қорғаушылардың сөздері, адвокаттың сөзі, айыпкердің қорғану сөзі жатады.

Соттағы шешендікте де көпшілік сезіміне әсер ету үшін публицистикалық стильге тән жігер, асқақ үн, ресми стильге тән қалыптасқан жүйелілік, арақашықтықты сақтау.

Үшінші тарауда шешендік сөздердің стилі сөз етілді. Халық ауыз әдебиетінде де шешендік өнердегі стиль мәселесіне назар аударылып, шешендік сөздердің құрылысына, көркемдік-танымдық мәніне арналған монографиялар, жеке шешендік шығармаларына арналған кітаптар бар, шешендік өнердің стилі жайлы да пікір айтылып жүр. Алайда шешендік өнердің стиліне арнайы ғылыми еңбектер жарық көре қойған жоқ.

Стиль шешеннің шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан оны жан-жақты және терең зерттеу қажет. Сонымен бірге стиль мәселесін сөз еткенде шешендік сөздердің түрін мазмұнынан ажыратып зерттеу қисынсыз.

Стиль шешендік сөздердің әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігі болуға тиіс. Стиль – шешендік өнердің көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Стиль атаулы құбылыс бір заматта (дауға сөзбен әсер) қалыптаспайтындығын ескерсек, оның бірте-бірте даму процесінде жетілетін құбылыс деп қарасақ, яғни, шешендік сөздерден бастау алады.

Сонда, шешендік сөздердің стилі – сөзінің көркемдігінде. Көркем сөзбен тап басып, дәл тауып, шынайы табиғи айтылуында. Көріктеу құралы қаншалық ашық, айқын, дәл берілсе, ол соншалық мойындатушы, әсерлі.

Шешеннің тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, ұйқас, әуез ерекшелігіне байланысты өзгешелігі стильдің құрамында танылады. Стильдің аясына тіл өрнегінің неше түрі сыя береді.

Шешендік стильдің теориялық негізіне жататын үлкен мәселелердің бірі – әлеуметтік жағдай проблемасы. Қай жанр болғанмен өз халқында үлгісі бар көркем дәстүрмен творчестволық тәжірибені пайдаланып, оны дамыту

арқылы жаңалық жасайды. Қазақ әдебиеті жанрларының стильдері де, шешендік өнерден бастау алып, дамып, жаңа сипаттарға ие болды.

Стиль объектісі – өмір, оны жасаушы – өмірге етене араласып, әлеуметтік жағдайды көзбен көріп, жанмен түсініп отырған шешен стильдің «бірінші элементі» – тіл де үнемі дамып отырады. Шешендердің стиль ерекшелігін зерттегенде олардың шығармашылығына көркемдік талдау жасап, стильдік даму жолын көрсету қажет. Шешендердің стилі ең алдымен оның таптық, идеялық, эстетикалық көзқарастарына байланысты. Өйткені, өнерде стильдің басы – идеялық көзқарас эстетикалық таным көркемдік талғам.

Шешендік өнер стилін тек бір шешен ғана жасамайды, ол белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы көзқарасты қолдаушы бірнеше шешеннің өмір тануы тақырып, әдіс бірліктерінің жиынтығынан келіп туады. Дегенмен шешендердің мәдени өрісіне, өмір тәжірибесіне, тапқырлық шеберлігіне де байланысты екендігі жайлы мәселелер сөз етілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.А.Каримов. Жоқары мәнаўият жеңлимес күш.Тошкент. 2008.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Мектеп, 1976.
3. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Рауан, 1996.
4. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Алматы: Ғылым, 1984.
5. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. Алматы: 1994.
6. Адамбаев Б., Жарымбетова Т. Ел аузынан. Алматы: Мектеп, 1989.
7. Әзірбаев Қ. Аңыздар сыры. Алматы, 1969.
8. Әлменев Б. Шешендік сөздер. Алматы: Ғылым, 1993.
9. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989.
- 10.Билер сөзі. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
- 11.Дәуітов С. Төле би. Қарастырған. Алматы, 1991.
12. Қазақ Кеңес энциклопедиясы 4 том. Алматы, 1974.
- 13.Қазақ кеңес энциклопедиясы 1-том. Алматы; Ғылым, 1974.
- 14.Қирабаев С. «Ақтайлақ би» құрастырушы. Алматы, 1991.
- 15.Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы, 1985.
- 16.Негимов С. Шешендік өнер. Алматы; Ана тілі, 1997.
- 17.Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алматы.Санат. 1997.
- 18.Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы. Алматы; Санат, 1994.
- 19.Сырымның шешендік сөздері. Алматы: Ана тілі, 1994.
- 20.Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. 2004.
- 21.Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би – шешендері. Алматы: 1993.
- 22.Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. Алматы, 1995.
- 23.Төреқұлов Н. Билер сөзі – ақылдың көзі. Алматы: Қазақстан, 1996.
- 24.[www. tdpu. Uz](http://www.tdpu.uz)
- 25.[www. pedagog. Uz](http://www.pedagog.uz)
- 26.[www. Ziyonet. Uz](http://www.Ziyonet.uz)

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4-6
Кіріспе.....	7-12

I ТАРАУ

1. Шешендік сөз тарихы және оның зерттелуі.....	13-22
---	-------

II-ТАРАУ

2. Шешендік сөздің қазіргі түрлері.....	23-33
---	-------

III-ТАРАУ

3. Шешендік сөздердің стилі.....	34-44
----------------------------------	-------

Қорытынды.....	45-49
----------------	-------

Пайдаланған әдебиеттер.....	50
-----------------------------	----